

Кедендік жүк декларациясының электронды көшірмелері туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті 1998 жылғы 30 қараша N 242-п Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 2 желтоқсанда N 689 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы бұйрығымен. ~V011442

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж. 4-наурыздағы N 294-а P97294a_ " Кеден органдарын автоматтандыру және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті үшін Республикалық деректер алмасу желісінің шаралары туралы " қаулысын одан әрі жүзеге асыру және кедендік шағын құрылымдарды дамыту мақсатында Бұйырамын:

1. Кедендік рәсімдеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж. 4 наурыздағы N 294-а "Кеден органдарын автоматтандыру және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті үшін Республикалық деректер алмасу желісінің шаралары туралы" қаулысына сәйкес кедендік жүк декларациясының (әрі - КЖД) электрондық көшірмесі көрсетілгенде ғана жүргізілсін.

2. Кеден басқармаларының, кедендер мен кеден бекеттерінің бастықтары:

- ЖАҚ "Акцепт" Корпорациясымен" жайларды жалдауға шарттарды қайтадан жасасын, бұл арада жайларды жалдағаны үшін ақы төлеудің Қазақстан Республикасының Азаматтық заңдарына сәйкес жүзеге асырылуы ескерілсін;

- жайлардың өткізілуі қабылдау-өткізу актісімен қатаң жүзеге асырылсын;

- ЖАҚ "Акцепт" Корпорациясының" кеден мекемелері ғимараттарында орналасқан жайлары мен жабдықтарын қорғауды қамтамасыз етсін;

- кедендік ресімдеуді Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж. 4-наурыздағы N 294-а қаулысына сәйкес КЖД-ның электронды көшірмелері бар болатын жағдайда жүргізсін;

осы бұйрықтың мазмұнын тиісті кеден органдары қызметінің аймағында орналасқан декларанттар мен өзге де мүдделі тұлғаларға жеткізсін.

3. Кеден мекемелерінің бөлімдері мен автоматтандыру және кедендік

статистика қызметтерінің бастықтары КЖД-ның электронды көшірмелерін қалыптастыру жөніндегі заңды тұлғалардың қызметіне бақылау жасауды жүзеге асырсын.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің 1997 ж. 17 сәуірдегі N 100-П "КЖД-ның электрондық көшірмелерін қалыптастыру туралы"; 1997 ж. 9 қазандағы N 240-П "КЖД-ның электрондық көшірмелері туралы", бұйрықтарының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кеден комитетінің 1998 ж. 8 қыркүйектегі N 162-П "КЖД-ның электрондық көшірмелері туралы" бұйрығының күші жойылған деп саналсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өз өкілеттігімде қалдырамын.

Төраға